

Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы конвенцияны (182-конвенция) бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы. 2002 жылғы 26 желтоқсан N 367-II

Женевада 1999 жылғы 17 маусымда Халықаралық еңбек ұйымы Бас конференциясының 87-сессиясында қабылданған Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы конвенция (182-конвенция) бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы н ы ң
Президенті Н.Назарбаев

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕҢБЕК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

182-конвенция

Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы конвенция

(2004 жылғы 26 ақпанда күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)

Женевада Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі шақырған және 1999 жылдың 1 маусымында өзінің сексен жетінші сессиясына жиналған, Халықаралық Еңбек Ұйымының Бас Конференциясы, балалар еңбегі жөніндегі негіз қалаушы акті болып қала беретін ең төменгі жас туралы 1973 жылғы Конвенция мен Ұсынымды толықтыратын, халықаралық ынтымақтастық пен халықаралық көмекті қоса алғанда, ұлттық және халықаралық іс-қимылдар үшін басты артықшылық ретінде балалар еңбегінің ең нашар түрлеріне тыйым салуға және жоюға арналған жана актілер қабылдау қажет деп санай отырып, балалар еңбегінің ең нашар түрлерін тиімді жою жедел әрі жан-жақты іс қимылдарды талап етеді, онда тегін базалық білім беру және балаларды жұмыстың осындай түрлерінен босату, сондай-ақ олардың отбасы мұқтаждықтарын ескере отырып, оңалту және әлеуметтік кіріктіру қажет деп санай отырып, 1996 жылы Халықаралық еңбек конференциясының 83-сессиясында қабылданған балалар еңбегін жою туралы қарарды еске сала отырып, балалар еңбегі көп жағдайда кедейліктің салдары және бұл мәселенің ұзақ уақыт шешілуі әлеуметтік прогреске, атап айтқанда кедейлікті жоюға және жаппай білім алуға жеткізетін тұрақты экономикалық өсуде жатқанын мойындай отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1989 жылғы 20 қарашада қабылдаған

Балалар құқығы туралы конвенция туралы еске сала отырып,
1998 жылы Халықаралық еңбек конференциясының 86-сессиясында қабылданған
ХЕҰ Еңбек саласындағы негіз қалаушы қағидаттар мен құқықтар туралы декларациясы
т у р а л ы е с к е с а л а о т ы р ы п ,

балалар еңбегінің ең нашар түрлері басқа да халықаралық актілерде, атап айтқанда
1930 жылғы Мәжбүрлі еңбек туралы конвенцияда және Біріккен Ұлттар Ұйымының
құлдықты, құл саудасын және құлдыққа ұқсас институттар мен салттарды жою туралы
1956 жылғы Қосымша конвенциясында қамтылғанын еске сала отырып,
сессиясының күн тәртібіндегі төртінші тармақ болып табылатын, балалар еңбегі
туралы бірқатар ұсыныстарды қабылдауға қаулы ете отырып,
осы ұсыныстарға халықаралық конвенция нысанын беруді шеше отырып, бір мың
тоғыз жүз тоқсан тоғызыншы жылдың маусым айының он жетінші күні Балалар
еңбегінің ең нашар түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы
1999 жылғы конвенция деп аталуы мүмкін төмендегі конвенцияны қабылдайды.

1-бап

Осы Конвенцияны бекітуші әрбір мүше-мемлекет балалар еңбегін ең нашар
түрлеріне тыйым салуды және жоюды қамтамасыз ететін тиімді шараларды жедел
қабылдайды.

2-бап

Осы Конвенцияның мақсаты үшін "бала" деген термин 18 жасқа дейінгі барлық
адамдарға қолданылады.

3-бап

Осы Конвенцияның мақсаты үшін "балалар еңбегінің ең нашар түрлері" деген
т е р м и н :

- а) құлдықтың барлық түрлерін немесе мәселен, балаларды сату және оларды
саудалау, қарыз кіріптарлығы мен крепостнойлық басыбайлылық, сондай-ақ мәжбүрлі
немесе міндетті еңбек, оның ішінде балаларды қарулы қақтығыстарда пайдалану үшін
оларды мәжбүрлі немесе міндетті жалдау сияқты құлдыққа ұқсас практиканы;
- б) баланы жезөкшелікпен айналысу үшін, порнографиялық өнім өндіру үшін немесе
порнографиялық қойылымдар үшін пайдалануды, жалдауды немесе ұсынуды;
- с) тиісті халықаралық шарттарда белгіленгеніндей, баланы заңсыз қызметпен
айналысу үшін, атап айтқанда есірткі заттарды өндіру және сату үшін пайдалануды,

жа л да у ды

не ме се

ұ с ы н у ды ;

d) өзінің орындалу жағдайы немесе сипаты жағынан балалардың денсаулығына, қауіпсіздігіне немесе адамгершілігіне зиян келтіруі мүмкін жұмысты қамтиды.

4-бап

1. Ұлттық заңдар немесе құзыретті орган тиісті халықаралық нормаларды, атап айтқанда, балалар еңбегінің ең нашар түрлері туралы 1999 жылғы Ұсынымның 3 және 4-тармақтарының ережелерін назарға ала отырып, жұмыс берушілер мен еңбекшілердің мүдделі ұйымдарымен консультация өткізгеннен кейін 3-баптың d) тармағында көрсетілген жұмыстардың түрлерін белгілейді.

2. Құзыретті орган жұмыс берушілер мен еңбекшілердің мүдделі ұйымдарымен консультация өткізгеннен кейін осындай тәртіппен белгіленген жұмыс түрлерін жүзеге асыратын орындарды анықтайды.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес белгіленген жұмыс түрлерінің тізбесі дүркін-дүркін талданады және қажеттігіне қарай, жұмыс берушілер мен еңбекшілердің мүдделі ұйымдарымен консультация өткізгеннен кейін қайта қаралады.

5-бап

Әр мүше-мемлекет жұмыс берушілер мен еңбекшілердің ұйымдарымен консультация өткізгеннен кейін осы Конвенцияны іске асыратын ережелердің қолданылуын бақылауды жүзеге асыру үшін тиісті тетіктерді жасайды немесе көрсетеді .

6-бап

1. Әр мүше-мемлекет балалар еңбегінің ең нашар түрлерін басымдықты тәртіппен жою жөнінде іс-қимыл бағдарламаларын әзірлейді және жүзеге асырады.

2. Мұндай іс-қимыл бағдарламалары қажет болған жағдайда, басқа мүдделі топтардың пікірін еске ала отырып, тиісті үкімет ведомстволарымен, қызметкерлердің және еңбекшілердің ұйымдарымен консультациялар өткізгеннен кейін әзірленеді және жүзеге асырылады.

7-бап

1. Әр мүше-мемлекет осы Конвенцияны жүзеге асыратын ережелердің тиімді пайдаланылуын және сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті барлық шараларды, оның ішінде қылмыстық санкцияларды немесе мән-жайларға қарай басқа да санкцияларды енгізу және қолдану арқылы қабылдайды.

2. Әр мүше-мемлекет балалар еңбегін жою ісіндегі білімнің маңыздылығын ескере

отырып, белгіленген мерзімдерде:

а) балалар еңбегінің ең нашар түрлеріне балаларды тартуға жол бермеуге;
б) балалардың балалар еңбегінің ең нашар түрлерімен айналысуын тоқтату, сондай-ақ оларды оңалту және әлеуметтік кіріктіру үшін қажетті және тиісті тікелей жәрдем көрсетуге;

с) балалар еңбегінің ең нашар түрлерінен босатылған барлық балалардың тегін базалық білім алуға, сондай-ақ мүмкіндігі мен қажеттігіне қарай кәсіби-техникалық даярлыққа қол жеткізуіне;

д) айрықша қиын жағдайдағы балаларды анықтауға және қамтуға; және

е) қыз балалар жағдайының ерекшелігін ескеруге бағытталған шараларды қабылдайды.

3. Әр мүше-мемлекет осы Конвенцияны жүзеге асыратын ережелердің қолданылуына жауапты құзыретті органды тағайындайды.

8-бап

Мүше-мемлекеттер осы Конвенцияның ережелерін жүзеге асыруда бір-біріне көмек көрсету мақсатында қажетті шараларды қабылдайды, бұл үшін әлеуметтік-экономикалық дамуды қолдауды, кедейлікпен күрес жөніндегі және жалпыға бірдей білім беру бағдарламаларын қоса алғанда, халықаралық ынтымақтастықты және/немесе көмекті кеңінен пайдаланады.

9-бап

Осы Конвенцияға қатысты ресми грамоталар тіркеу үшін Халықаралық Еңбек Бюросының Бас директорына жіберіледі.

10-бап

1. Бекіту грамоталарын Бас Директор тіркеген Халықаралық Еңбек Ұйымының Мүшелері үшін ғана осы Конвенцияның міндетті күші бар.

2. Ол Ұйымның екі Мүшесінің бекіту грамоталарын Бас Директор тіркегеннен кейін он екі ай өткен соң күшіне енеді.

3. Соңынан бұл Конвенция Ұйымның әрбір мүше-мемлекетіне қатысты өзінің бекіту грамотасын тіркеген күннен кейін он екі ай өткен соң күшіне енеді.

11-бап

1. Ұйымның осы Конвенцияны бекітуші кез келген Мүшесі, ол алғаш күшіне енгізілген күнінен он жыл өткен соң, Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберілген және онда тіркелген күшін жою туралы акті арқылы күшін

жоя алады. Күшін жою күшін жою туралы актіні тіркегеннен кейін бір жылдан соң күшіне енеді.

2. Ұйымның осы Конвенцияны бекіткен әрбір Мүшесі өзінің осы бапта көзделген күшін жою құқығын осының алдындағы тармақта аталған он жылдық кезең өткеннен соң бір жылдың ішінде пайдаланбаса, ол келесі он жылдық кезеңге созылады және кейін, әрбір он жылдық кезең өткен сайын, осы бапта көзделген тәртіпті сақтай отырып, осы Конвенцияның күшін жоя алады.

12-бап

1. Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директоры Ұйым Мүшелерінің оған жолдаған барлық бекіту грамоталарының, күшін жою туралы өтініштер мен актілерді өзінің тіркегені туралы Халықаралық Еңбек Ұйымының барлық Мүшелеріне хабарлайды.

2. Бекіту туралы өзі алған екінші бекіту грамотасының тіркелгені туралы Ұйым Мүшелеріне хабарлай отырып, Бас Директор олардың назарын осы Конвенцияның күшіне енген күніне аударады.

13-бап

Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директоры Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес тіркеу үшін алдыңғы баптардың ережелеріне сәйкес өзі тіркеген барлық бекіту грамоталары мен күшін жою актілеріне қатысты толық мәліметтерді Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына жібереді.

14-бап

Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі бұл қажет деп тапқан жағдайларда, ол Бас Конференцияға осы Конвенцияны қолдану туралы баяндама ұсынады және оны толық немесе ішінара қайта қарау туралы мәселені Конференцияның күн тәртібіне енгізу қажеттігін қарастырады.

15-бап

1. Егер Конференция осы Конвенцияны толық немесе ішінара қайта қарайтын жаңа конвенцияны қабылдаса, және егер жаңа конвенцияда өзгедей көзделмесе, онда:

а) Ұйымның қайсыбір Мүшесінің жаңа қайта қарайтын Конвенцияны бекітуі, жаңа қайта қаралған Конвенция күшіне енгізілген жағдайда, 11-баптың ережелеріне қарамастан, осы Конвенция күшінің жедел түрде өзінен-өзі жойылуына әкеп соқтырады;

б) жаңа, қайта қаралған конвенция күшіне енгізілген күннен бастап, осы Конвенция

Ұйым Мүшелерінің бекітуі үшін жабық болады.

2. Осы Конвенция, оны бекіткен, бірақ жаңа, қайта қаралған конвенцияны бекітпеген Ұйымның Мүшелері үшін нысаны мен мазмұны жағынан өз күшінде қалады

16-бап

Осы Конвенцияның ағылшын және француз тілдеріндегі мәтіндерінің күші бірдей.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК